

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУРАЗΙΑ УНИВЕРСИТЕТІ

050301 Заңгерлік мамандығы бойынша
Ғылыми-білім кешені

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Пән атауы Саяси-құқықтық ілімдер тарихы

(СИЛЛАБУС)

кредиттік технология оқу түрі бойынша

№ 050301 «Заңтану» мамандығы ІІ курс студенттеріне арналған

ПАВЛОДАР 2007 ЖЫЛ

БЕКІТІЛДІ

Басқару Академиясының директоры

_____Абельдинов Е.С.

“ ____ ” _____ 2007ж .

Құрастырушы: оқытушы-Тулбаева Г.М. _____

Мемлекет және құқық теориясымен тарихы кафедрасы

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

050301 «Заңгерлік» мамандығының студенттері үшін күндізгі, сырттай, қашықтықтан оқыту, орта білім, орта кәсіби және жоғары білім негізінде оқитын студенттерге арналған

№ 050301 «Заңгерлік» мамандықтың жалпы міндетті Мемлекеттік стандарт негізінде және «Саяси-құқықтық ілімдер тарихы» оқу жұмыс бағдарламасы негізінде құрастырылған.

Басқару Академиясының ғылыми-әдестемелік кеңесінің отырысында бекітілді және баспаға ұсынылды

Хаттама № _____ 2007ж.

Басқару Академиясының ҒӘК Төрайымы

э.ғ.к. проф. Мурзина Р.З. _____

«МжҚТТ» кафедрасының отырысында бекітілген

Хаттама № _____ 2007ж.

«МжҚТТ» кафедрасының меңгерушісі

З.ғ.к., доцент _____ А.Б. Жұмаділова

КЕЛІСІЛДІ:

ОӘИ бастығы

б.ғ.к., доцент Хлущевская О.А. _____

Байланыс ақпараты:

| Оқытушының аты-жөні | Өткізілетін уақыты мен орны | | Байланыс ақпараты |
|----------------------------|---|--|--|
| | Дәрістер | СРСП | |
| Оқытушы: Тулебаева Г.М. | Корпус № 3 Ауд жұмыс кестесі бойынша | Корпус №4, Ауд. Жұмыс кестесі бойынша | «Мемлекет және құқық теориясымен тарихы» кафедрасы, 505 кабинет Жум. Тел: 45-22-11, (ішкі.126) Консультация уақыты: Кафедрадағы график бойынша |

Пән туралы мәлімет:

| Оқыту нысаны | Кіндізгі оқыту | Сырттай оқыту | |
|-------------------|----------------|--------------------------|-------------------------------|
| | Толық | Қысқарған мерзімде оқыту | Жоғарғы білім негізінде оқыту |
| Курс | 2 | 2 | 1 |
| Семестр | 3 | 3 | 2 |
| Дәріс | 15 | 10 | 10 |
| Тәжірибелік сабақ | 15 | 2 | 2 |
| СОӨЖ | 30 | | |
| СӨЖ | 30 | | |
| Бақылау түрі | емтихан | емтихан | емтихан |

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ.

Дүниежүзілік саяси және құқықтық ілімдер тарихы-адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлімдерінің бірі. Мұнда адамзаттың өткен заманнан бүгінгі күнге дейінгі саяси-құқықтық ілімі мен тәжірибесі жинақталған, мемлекет, саясат, заң жүргізу, құқық бостандық мәселелерінің негізгі қағидалары және ілімдері анықталған. Адамзаттың өткен уақыттағы саяси-құқықтық тәжірибесі, идеялары, ойлары қазіргі замандағы саяси және құқықтық ілімнің дамуы мен оның бағытына едәуір ықпал етеді, біздің қазіргі іс-әрекетімізге бағыт береді. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы әртүрлі көзқарастар мен ойлардың күресі ғана емес, сондай-ақ адамзаттың таңдаулы өкілдерінің мемлекет пен құқықтың даму тарихын, бостандық пен әділдіктің, заң мен заңдылықтың, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың, адамдардың құқы мен бостандығын, билік пен жеке адамдардың өзара қарым-қатынасы мен олардың формалары мен принциптері туралы терең де зерделі ойлар айтқанын көрсетеді.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихына философиялық ойдың бүкіләлемдік ойшылдары Пифагор, Гераклит, Демокрит, Протагор, сократ, платон, Аристотель, эпикур, фома Аквинский, Падуанский, Спиноза, Гобсс, Локк, Кант, Фихте, Гегель, Бердияев, Н.Макиавелли, жаңа дәуірдің ойшылдары Ж.Ж. Руссо, Т. Джефферсон, Пейн, Бентам, Штейн және т.б. ойшылдар саяси-құқықтық ілімге зор мұра қалдырды. Танымның ғылыми әдісі саяси және құқықтық ілімдер тарихының бай қазынасын зерттеуге және таныпбілуге мүмкіндік береді. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемесі әртүрлі ойларды, көзқарастарды және идеяларды нақтылы тарихи тұрғыдан дұрыс түсінуге көмектеседі.

Нақтылы бір тарихи дәуірдегі қоғам, мемлекет, құқық, саясат туралы ойларды дұрыс түсіну үшін сол қоғамның, сол дәуірдің белгілі бір әлеуметтік топтары мен таптары үшін, олардың қандай мүдделерін қорғағандығын, бұл ілімнің авторы қандай мақсат пен позиция ұстанғандығын біліу шарт. Сонда ғана саяси және құқықтық ілімдер мен ойларға, идеяларға сол кезеңнің және сол мемлекеттің ерекшелігіне қарай дұрыс баға беруге болады.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихын хронологиялық және мазмұндық тәртіппен ірі төрт кезеңге бөлуге болады.

1. Ежелгі замандағы саяси және құқықтық ілімдер тарихы (алғашқы мифтік көзқарастардың пайда болуынан, б.з.д. 3 мыңжылдықтан-б.з. Ү ғасырына дейін)
2. Орта ғасырлар мен қайта өрлеу дәуіріндегі саяси және құқықтық ілімдер тарихы (Ү-ХҮІІ ғ.ғ.).
3. Буржуазиялық революциялар кезеңіндегі саяси және құқықтық ілімдер тарихы (ХҮІІІ-ХІХ ғасырдың екінші жартысы).
4. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер тарихы.

Курстың мақсаты: Саяси-құқықтық ілімдердің тарихи пәніне өткен кезеңдегі саяси және құқықтық ойлар, көзқарастар, теориялар олардың қалыптасуы, дамуы және олардың қазіргі күнмен байланысы туралы нақты білім беру.

Курстың тапсырмалары:

- Саяси-құқықтық ілімдер тарихының ежелгі кезеңнен қазіргі күнге дейінгі саяси және құқықтық идеялар саяси құқықтық жүйелердің, институттардың және қатынастардың тәжірибесін нығайту;
- құқықпен мемлекеттік. Теориясының тарауы, құқық және мемлекет туралы теорияның жалпы тарауы, құқық пен мемлекеттің философия тарихын білу;
- саяси және құқықтық ойлардың тарихи кезеңдерін сипаттай отыра, бұл саяси және құқтық, сана. Құқық пен мемлекет дамуының жалпы заңдылықтарын айқындау;
- саяси және құқықтық ойлардың тарихи кезеңдерін сипаттауын білу;
- саяси және құқықтық сана. Құқық пен мемлекет дамуының жалпы заңдылықтарын айқындау;
- саяси және құқықтық ілімдір ақпараттарды жіктеп, нақтылап, жүйелеу;
- танымдық, мәдени тәрбиелік мәні зор, саяси және құқықтық ойлардың тарихи мұрасын игеруге көмек беру, қазіргі заман мен өткен тарихи кезеңдерінің байланысын тануға үйрету;
- саяси және құқықтық ілімдер тарихын оқу нәтижесінде маман өткен және қазіргі заманның саяси және құқықтық өте маңызды негізгі доктриналарының мазмұнын білу;
- студент қазіргі заман ағымыма сәйкес ұлы ойшылардың шығармаларын талдай біліп, мемлекеттік құқықтық құбылыстардың өзара байланысын экономика, идеология, мораль, дінмен байланысты оқып үйрету;

-пәнді оқып болған соң студент құқықтық саяси ойлардың даму кезеңдерін, адамзат тарихындағы ұлы ойшылардың есімдерін және олардың негізгі шығармаларын, құқықтық және саяси ойлардың негізгі деректерін, қазіргі замандағы саяси және құқықтық ілімдерінің мәселелелерімен айналысатын ғалымдардың кейбір еңбектерін білу.

-студент әр дәуірдегі ойшылар мен олардың ілімдерін салыстыра білуі, ерте және қазіргі кезеңдегі ойлардың, доктриналардың жалпы және ерекше сәттерін айыра білуі, нақты саяси және құқықтық ілімдер тарихына байланысты негізгі әдебиеттерді шұғыл тауып, пайдалана білу.

Курстың құрылымы: курстың зерттеу нәтижесінде студенттер білу қажет:

- Саяси және құқықтық ілімдер тарихының пәні мен әдісі;
- Ерте Шығыс елдерінің саяси және құқықтық ілімдері;
- Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер;
- Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер;
- Орта ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер;
- Қайта өрлеу және реформация дәуірінің саяси және құқықтық ілімдері;
- XI-XVII ғ.ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер;
- Голландиядағы XVII ғ. Саяси-құқықтық ілімдер;
- XVII ғ. Англиядағы саяси және құқықтық ілімдер;
- Еуропалық Қайта өрлеудің саяси-құқықтық ілімдері;
- XVII-XVIII ғ.ғ. 2 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер;
- 18-20 ғ.ғ. АҚШ саяси құқықтық ілімдері;
- XVIII ғ. Аяғы XIX ғ. Басындағы Германиядағы саяси құқықтық ілімдер;
- XIX ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси және құқықтық ойлар;
- Батыс Еуропадағы XIX ғ. 1 ж. саяси құқықтық ілімдер;
- Марксизмнің саяси-құқықтық ойлары;
- XIX ғ. 2 ж.-XX 1 ж. Еуропадағы саяси құқықтық ойлар;
- XIXғ. 2 ж. –XX ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық көзқарас;
- Большевизмнің саяси-құқықтық көзқарастары.

Курстың зерттеу нәтижесінде студенттер білу қажет:

- Саяси-құқықтық ілімдер тарихының хронологиялық және мазмұндық тәртібін;
- Курстың зерттеу нәтижесінде **студенттер хабардар болу қажет:**
- саяси-құқықтық ілімдер тарихы дамуының негізгі сұрақтарын құрастыруда;

Бақылау нысаны емтихан.

Курстың алдын ала реквизиттері және соңғы реквизиттері:

«Саяси-құқықтық ілімдер тарихы» курсы ЖОО «Заңгерлік» мамандығының студенттері зерттейтін міндетті пәні болып табылады, сонымен қатар ой өрісін кеңейту үшін беріледі.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні заң ғылымы жүйесінде жеке пән болып есептелініді. Бұл пәннің зерттеу нысаны мемлекет, құқық, саясат және заң шығару туралы ілімнің пайда болуы мен дамуы. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні заң, тарих, философия, саясаттану ғылымдарын да қамтиды. Құқықтық ғылым ретінде бұл пән сонымен бірге мемлекет және құқық теориясы, мемлекет пен құқықтың жалпы құқық тарихы, конституциялық құқық, халықаралық құқық, жалпы құқық және т.б. салалық заң ғылымдарымен де тығыз байланысты.

Саяси-құқықтық ілімдер тарихының күнтізбелік-тақырыптық жоспары.

| Апта | Тақырып атауы | Сағат саны | | |
|-----------------|--|------------|------|---------|
| | | Дәріс | СӨОЖ | Семинар |
| 1 Модуль | | | | |
| | Бөлім 1. | | | |
| 1 | Саяси және құқықтық ілімдер тарихының пәні мен әдісі. Заң ғылымының дербес саласы ретінде. Әдістемелік мәселелері. | 1 | 2 | 1 |

| | | | | |
|-----------------|---|-----------|-----------|-----------|
| | | | | |
| 2 | Ерте Шығыс елдерінің саяси және құқықтық ілімдері. | 1 | 2 | 1 |
| 3 | Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер. | 1 | 2 | 1 |
| 4 | Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер. | 1 | 2 | 1 |
| 5 | Орта ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер. Ерте түркі дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар. | 1 | 2 | 1 |
| 2 Модуль | | | | |
| | Бөлім 3. | | | |
| 6 | Қайта өрлеу және реформация дәуірінің саяси және құқықтық ілімдері. | 1 | 2 | 1 |
| 7 | XI-XVII ғ.ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер. | 1 | 2 | 1 |
| 8 | Голландиядағы XVII ғ. Саяси-құқықтық ілімдер. | 1 | 2 | 1 |
| 9 | XVII ғ. Англиядағы саяси және құқықтық ілімдер. | 1 | 2 | 1 |
| 10 | Еуропалық Қайта өрлеудің саяси-құқықтық ілімдері. | 1 | 2 | 1 |
| 3 Модуль | | | | |
| 11 | XVII-XVIII ғ.ғ. 2 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер. XIX ғ. 2 ж.-XX 1 ж. Еуропадағы саяси құқықтық ойлар. | 1 | 2 | 1 |
| 12 | XVIII-XX ғ.ғ. АҚШ саяси құқықтық ілімдері. XIXғ. 2 ж. –XX ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық көзқарас. | 1 | 2 | 1 |
| 13 | XVIII ғ. Аяғы XIX ғ. Басындағы Германиядағы саяси құқықтық ілімдер. | 1 | 2 | 1 |
| 14 | XIX ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси және құқықтық ойлар. Батыс Еуропадағы XIX ғ. 1 ж. саяси құқықтық ілімдер. | 1 | 2 | 1 |
| 15 | Марксизмнің саяси-құқықтық ойлары. XIXғ. 2 ж. –XX ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық көзқарас. Большевизмнің саяси-құқықтық көзқарастары. | 1 | 2 | 1 |
| Барлығы: | | 15 | 30 | 15 |

Дәрістің мазмұны.

1 тақырып: Саяси және құқықтық ілімдер тарихының пәні мен әдісі.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні заң ғылымының дербес саласы ретінде. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемелік мәселелері.

2 тақырып: Ерте Шығыс елдерінің саяси және құқықтық ілімдері.

Шығыстағы саяси-құқықтық ойдың бастаулары. Ертедегі Үндістанның саяси-құқықтық ойлары. Ежелгі Қытайдың саяси-құқықтық ойдың қалыптасуы және оның ерекшеліктері.

3 тақырып: Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер.

Жалпы сипаттама. Ежелгі грек өркениетінің даму кезеңдері және оның философиялық-құқықтық ілімі.

Ерте кезеңдегі саяси-құқықтық ойлар б.э.д IX-ҮІ ғ.ғ. Ежелгі грек саяси-құқықтық ілімінің гүлдену кезеңі б.э.д. V-ҮІ ғ.ғ. Эллинизм кезеңіндегі саяси-құқықтық ілім б.э.д. IV ғ. 2-ші жартысы II ғ.

4 тақырып: Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер.

Ежелгі Рим саяси-құқықтық ілімінің жалпы сипаттамасы және оның даму кезеңдері. Марк Туллий Цицеронның мемлекет және құқық туралы ілімдері. Рим стоиктерінің саяси-құқықтық көзқарастары. Рим заңгерлерінің құқық туралы ілімдері. Ерте христиандықтың саяси құқықтық көзқарастары. Аврелий Августинның саяси-құқықтық көзқарастары.

5 тақырып: Орта ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер. Ерте түркі дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар.

Орта ғасырлық батыс еуропалық қоғамдағы саяси-құқықтық ойдың негізгі белгілері мен бағыттары.

Фома Аквинский мен Марсилиус Падуанскийдің мемлекет және құқық туралы саяси-құқықтық ілімі. Орта ғасырлық еретиктер қозғалысындағы саяси-құқықтық идеялар (X-XV ғ.ғ.). Мұсылман құқықтық ойының қалыптасуы және дамуы. Мұсылман елдері ойшылдарының еңбектеріндегі мемлекет және саясат мәселелері. Ерте түркі жазбаларындағы саяси-құқықтық идеялар (VI-VII ғ.). Әл-Фараби қала мемлекеттердің екі түрі және оның билеушілері туралы. Ж. Баласағұн, М. Қашқари және А. Яссауи шығармаларының саяси-идеялық мазмұны.

6 тақырып: Қайта өрлеу және реформация дәуірінің саяси және құқықтық ілімдері.

Дәуірдің басты ерекшеліктері мен белгілері және саяси-құқықтық ілімнің жаңа сипаты. Реформацияның саяси құқықтық идеялары. Никола Макиавеллидің мемлекет және саясат туралы ілімі. Боден және оның мемлекет туралы ілімі. XVI-XVII ғ.ғ. Еуропалық социализмнің саяси-құқықтық ойлары.

7 тақырып: XI-XVII ғ.ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер.

Заң мен жақсылық туралы сөздіктегі саяси-құқықтық ойлар. Владимир Мономахтың саяси бағдарламасы. Иосифтіктер және шіркеуге қарсы адамдардың саяси пікір таласы. Философфейдің саяси концепциясы-Мәскеу үшінші Рим. И.С. пересветовтің саяси ілімі. Иван Тимофеевтің саяси ілімі.

8 тақырып: Голландиядағы XVII ғ. саяси-құқықтық ілімдер.

Ерте буржуазиялық саяси-құқықтық ойдың негізгі бағыттары. Гуго Гроций мен Барух Спинозаның мемлекет және құқық туралы ілімдері. XVII ағылшын саяси-құқықтық ілімінің ерекшеліктері. Спинозаның саяси және құқықтық ілімдері.

9 тақырып: XVII ғ. Англиядағы саяси және құқықтық ілімдер.

Гоббстың саяси-құқықтық ілімдері. Дж.Локктың мемлекет пен құқық туралы ілімдері.

10 тақырып: Еуропалық Қайта өрлеудің саяси-құқықтық ілімдері.

Ағартушылық дәуірі саяси-құқықтық ойының негізгі белгілері мен ерекшеліктері. Вольтер, Ш.Л. Монтескье және Руссоның саяси-құқықтық көзқарастары. Якобиншілердің саяси-құқықтық идеялары. Самуил Пуфендорфтың табиғи құқықтық ілімдері. Ч. Беккаридың саяси-құқықтық ілімдері.

**11 тақырып: ХҮІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. 2 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер.
ХІХ ғ. 2 ж.-ХХ 1 ж. Еуропадағы саяси құқықтық ойлар.**

Юрий Крижаничтың саяси-құқықтық көзқарастары. Феофан Прокоповичтің саяси идеялары. М. М. Щербатовтың саяси көзқарастары. С. Е. Десницкидің мемлекет және құқық туралы ілімдері. А. Н. Радищевтың саяси құқықтық ілімдері. ХІХ ғ. 2 ж.-ХХ 1 ж. Еуропадағы саяси құқықтық ойлар. Р. Иерингтің құқық пен мемлекет туралы ілімдері. Дж. Остиннің құқық туралы ілімі. Ф. Ницшенің саяси-құқықтық ілімі. Ұлттық социализмнің саяси-құқықтық идеологиясы.

**12 тақырып: ХҮІІ-ХХ ғ.ғ. АҚШ саяси құқықтық ілімдері.
ХІХ ғ. 2 ж. –ХХ ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық көзқарас.**

Пейннің саяси құқықтық ілімдері. Т. Джефферсонның саяси көзқарастары. А.Гамильтонның саяси-құқықтық көзқарастары. Дж. Адамстың саяси ойлары. Дж. Мэдиссонның саяси-құқықтық ілімдері. Холмстың құқық туралы ілімдері. Орыс утопиялық социализмі. Н.А. Бакуниннің саяси-құқықтық ойы. Либералдар Б.Н. Чичерин. В. С. Соловьевтың саяси-құқықтық ойлары. П. И. Новгородцевтың саяси-құқықтық көзқарастары. Л.И. Петражицкийдің психологиялық құқық теориясы. Н.А. Бердяевтың саяси-құқықтық көзқарастары. И.А. Ильиннің саяси-құқықтық көзқарастары.

13 тақырып: ХҮІІІ ғ. Аяғы ХІХ ғ. Басындағы Германиядағы саяси құқықтық ілімдер.

ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы неміс идеологиясының ерекшеліктері. Иммануил Канттың мемлекет және құқық туралы ілімдері. Құқықтың тарихи мектебі. Гегельдің мемлекет және құқық туралы ілімі.

**14 тақырып: ХІХ ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси және құқықтық ойлар.
Батыс Еуропадағы ХІХ ғ. 1 ж. саяси құқықтық ілімдер.**

М. М. Сперанскийдің саяси-құқықтық көзқарастары. Декабристердің саяси бағдарламалары. П. И. Чадаевтың саяси идеялары. Батыс Еуропадағы ХІХ ғ. 1 ж. саяси құқықтық ілімдер. Ағылшын либерализмі. Француздік либерализм.

**15 тақырып: Марксизмнің саяси-құқықтық ойлары.
ХІХ ғ. 2 ж. –ХХ ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық көзқарас.
Большевизмнің саяси-құқықтық көзқарастары.**

Мемлекет пен құқық қондырма құбылыс секілді. Мемлекет пен құқықтың таптық сипаты. Коммунистік формациядағы мемлекет пен құқық тағдыры. Орыс утопиялық социализмі. Н.А. Бакуниннің саяси-құқықтық ойы. Либералдар Б.Н. Чичерин. В.С. Соловьевтың саяси-құқықтық ойлары. П.И. Новгородцевтың саяси-құқықтық көзқарастары. Л.И. Петражицкийдің психологиялық құқық теориясы. Н.А. Бердяевтің саяси-құқықтық көзқарастары. И.А. Ильиннің саяси-құқықтық көзқарастары. Большевиктің саяси-құқықтық көзқарастары. В.И. Лениннің саяси ойлары.

Тәжірибе сабағының тақырыптары

Тақырып 1. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының пәні мен әдісі.

1. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні заң ғылымының дербес саласы ретінде.
2. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемелік мәселелері.

2 тақырып: Ерте Шығыс елдерінің саяси және құқықтық ілімдері.

1. Ертедегі Үндістанның саяси-құқықтық ойлары.
2. Ежелгі Қытайдың саяси-құқықтық ілімі.

3 тақырып: Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер.

1. Ерте кезеңдегі саяси-құқықтық ойлар б.э.д IX-ҮІ ғ.ғ.
2. Ежелгі грек саяси-құқықтық ілімінің гүлдену кезеңі б.э.д. V-ҮІ ғ.ғ.
3. Эллинизм кезеңіндегі саяси-құқықтық ілім б.э.д. IV ғ. 2-ші жартысы III ғ.

4 тақырып: Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер.

1. Цицеронның мемлекет және құқық туралы ілімдері.
2. Рим стоиктерінің саяси-құқықтық көзқарастары. Рим заңгерлерінің құқық туралы ілімдері.
3. Ерте христиандықтың саяси құқықтық көзқарастары. Аврелий Августинның саяси-құқықтық көзқарастары.

5 тақырып: Орта ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер. Ерте түркі дәуіріндегі саяси-құқықтық ілімдер.

1. Мемлекет және құқық жайлы Ф.Аквинскийдің ілімдері. Марсилий Падуанскийдің саяси-құқықтық ілімі.
2. Орта ғасырлық заң ойлары. Мұсылман құқықтық ойының қалыптасуы және дамуы. Әл-Фараби қала мемлекеттердің екі түрі және оның билеушілері туралы. Ж. Баласағұн, М. Қашқари және А. Яссауи шығармаларының саяси-идеялық мазмұны.

6 тақырып: Қайта өрлеу және реформация дәуірінің саяси және құқықтық ілімдері.

1. Саясат туралы жаңа ғылым Никола Макиавелли.
2. Боден және оның мемлекет туралы ілімі. ХҮІ-ХҮІІ ғ.ғ.
3. Еуропалық социализмнің саяси-құқықтық ойлары.

7 тақырып: ХІ-ХҮІІ ғ.ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер.

1. Заң мен жақсылық туралы сөздіктегі саяси-құқықтық ойлар. Владимир Мономахтың саяси бағдарламасы.
2. Иосифтіктер және шіркеуге қарсы адамдардың саяси пікір таласы.
3. Философтейдің саяси концепциясы-Мәскеу үшінші Рим . И.С. пересветовтің саяси ілімі. Иван Тимофеевтің саяси ілімі.

8 тақырып: Голландиядағы ХҮІІ ғ. саяси-құқықтық ілімдер.

1. Ерте буржуазиялық саяси-құқықтық ойдың негізгі бағыттары.
2. Гуго Гроций мен Барух Спинозаның мемлекет және құқық туралы ілімдері.
3. Спинозаның саяси және құқықтық ілімдері. ХҮІІ ағылшын саяси-құқықтық ілімінің ерекшеліктері.

9 тақырып: ХҮІІ ғ. Англиядағы саяси және құқықтық ілімдер.

1. Гоббстың саяси-құқықтық ілімдері.
2. Дж.Локктың мемлекет пен құқық туралы ілімдері.

10 тақырып: Еуропалық Қайта өрлеудің саяси-құқықтық ілімдері.

1. Ш.Л. Монтескье және Руссоның саяси-құқықтық ілімдері.
2. Самуил Пүфендорфтың табиғи құқықтық ілімдері.
3. Ч. Беккаридың саяси-құқықтық ілімдері.

11 тақырып: ХҮІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. 2 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер. ХІХ ғ. 2 ж.-XX 1 ж.

Еуропадағы саяси құқықтық ойлар.

1. Юрий Крижаничтың саяси-құқықтық көзқарастары. Ф.Прокоповичтің саяси идеялары. М. М. Щербатовтың саяси көзқарастары. С. Е. Десницкидің мемлекет және құқық туралы ілімдері. А. Н. Радищевтың саяси құқықтық ілімдері.
2. ХІХ ғ. 2 ж.-XX 1 ж. Еуропадағы саяси құқықтық ойлар. Р. Иерингтің құқық пен мемлекет туралы ілімдері. Дж. Остиннің құқық туралы ілімі. Ф. Ницшенің саяси-құқықтық ілімі.
3. Ұлттық социализмнің саяси-құқықтық идеологиясы.

12 тақырып: ХҮІІ-XX ғ.ғ. АҚШ саяси құқықтық ілімдері. ХІХ ғ. 2 ж. –XX ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық көзқарас.

1. Пейннің саяси құқықтық ілімдері. Т. Джефферсонның саяси көзқарастары. А.Гамильтонның саяси-құқықтық көзқарастары. Дж. Адамстың саяси ойлары. Дж. Мэдиссонның саяси-құқықтық ілімдері. Холмстың құқық туралы ілімдері.

2. Орыс утопиялық социализмі. Н.А. Бакуниннің саяси-құқықтық ойы. Либералдар Б.Н. Чичерин. В. С. Соловьевтың саяси-құқықтық ойлары. П. И. Новгородцевтың саяси-құқықтық көзқарастары. Л.И. Петражицкийдің психологиялық құқық теориясы. Н.А. Бердяевтың саяси-құқықтық көзқарастары. И.А. Ильиннің саяси-құқықтық көзқарастары.

13 тақырып: ХҮІІІ ғ. Аяғы ХІХ ғ. Басындағы Германиядағы саяси құқықтық ілімдер.

1. И.Канттың мемлекет және құқық туралы ілімдері.

2. Құқықтың тарихи мектебі.

3. Гегельдің мемлекет және құқық туралы ілімі.

14 тақырып: ХІХ ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси және құқықтық ойлар. Батыс Еуропадағы ХІХ ғ. 1 ж. саяси құқықтық ілімдер.

1 М. М. Сперанскийдің саяси-құқықтық көзқарастары.

2. Декабристердің саяси бағдарламалары. П. И. Чадаевтың саяси идеялары.

3. Батыс Еуропадағы ХІХ ғ. 1 ж. саяси құқықтық ілімдер. Ағылшын либерализмі. Француздік либерализм.

15 тақырып: Марксизмнің саяси-құқықтық ойлары. ХІХғ. 2 ж. –ХХ ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық көзқарас. Большевиктің саяси-құқықтық көзқарастары.

1. Мемлекет пен құқық қондырма құбылыс секілді. Мемлекет пен құқықтың таптық сипаты. Коммунистік формациядағы мемлекет пен құқық тағдыры.

2 Орыс утопиялық социализмі. Н.А. Бакуниннің саяси-құқықтық ойы. Либералдар Б.Н. Чичерин. В.С. Соловьевтың саяси-құқықтық ойлары. П.И. Новгородцевтың саяси-құқықтық көзқарастары. Л.И. Петражицкийдің психологиялық құқық теориясы. Н.А. Бердяевтің саяси-құқықтық көзқарастары. И.А. Ильиннің саяси-құқықтық көзқарастары.

3. Большевиктің саяси-құқықтық көзқарастары. В.И. Лениннің саяси ойлары.

СӨЖ тапсырмалары мен оны орындау кестесі.

| Тапсырма № | Тапсырма түрі | Бақылау түрі | Тапсыру мерзімі |
|-------------------|---|------------------------------|------------------------|
| 1. | Ерте Шығыс елдерінің саяси және құқықтық ілімдері. | жұппен жұмыс | қыркүйек |
| 2. | Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер. | дөңгелек үстел | қыркүйек |
| 3. | Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер. | жұппен жұмыс | қазан |
| 4. | Орта ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер. Ерте түркі дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар. | дөңгелек үстел | қазан |
| 5. | Қайта өрлеу және реформация дәуірінің саяси және құқықтық ілімдері. | ауызша сұрау | қараша |
| 6. | XI-XVII ғ.ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер. | дөңгелек үстел | қараша |
| 7. | Голландиядағы XVII ғ. саяси-құқықтық ілімдер. | жазбаша жұмыс | желтоқсан |
| 8. | XVII ғ. Англиядағы саяси және құқықтық ілімдер. | жазбаша жұмыс | желтоқсан |
| 9. | Еуропалық Қайта өрлеудің саяси-құқықтық ілімдері. | жеке дара бақылау | қаңтар |
| 10. | XVII-XVIII ғ.ғ. 2 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер. | жеке дара бақылау | қаңтар |
| 11. | XVIII-XX ғ.ғ. АҚШ саяси құқықтық ілімдері. | жоба тапсырмасын қорғау | ақпан |
| 12. | XVIII ғ. аяғы XIX ғ. басындағы Германиядағы саяси құқықтық ілімдер. | коллоквиум | наурыз |
| 13. | Батыс Еуропадағы XIX ғ. 1 ж. саяси құқықтық ілімдер. | ауызша тапсырманың мүшәйрасы | сәуір |
| 14. | XIXғ.-XX ғ. 1ж.Ресейдегі саяси және құқықтық ойлар. | ауызша сұрау | мамыр |
| 15. | XIX ғ. 2ж.-XXғ. 1ж.Еуропадағы саяси құқықтық ойлар. | жеке дара бақылау | мамыр |

СОӨЖ тапсырмалары мен оны орындау кестесі.

| Тапсырма № | Тапсырма түрі | Бақылау түрі | Тапсыру мерзімі |
|--|--|--|------------------------|
| 1. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні заң ғылымының дербес саласы ретінде. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемелік мәселелері. Ерте Шығыс елдерінің саяси және құқықтық ілімдері. | 1.Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні заң ғылымының дербес саласы ретіндегі маңызын көрсету. 2.Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемелік мәселелерін топтастыру. 3.Ежелгі Үндістандағы және Ежелгі Қытайдағы саяси-құқықтық ойдың қалыптасуы және оның ерекшеліктерін көрсету. | Ауызша сұрау, Конспектiнiң болуы. | Семестрдің 1-ші аптасы |
| 2. Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер. | 1.Жалпы сипаттама беру. Ерте кезеңдегі саяси-құқықтық ойлар б.э.д. IX-ҮІ ғ.ғ. хронологиялық шеңберін мен ерекшеліктерін көрсету. 2.Ежелгі грек саяси-құқықтық ілімінің гүлдену кезеңі V-IV ғ.ғ. 3.Эллинизм кезеңіндегі саяси-құқықтық ілімді сипаттау IV ғ. 2 жартысы II ғ. | Кестелерді жүйелерді тексеру. Рефератты қорғау, қатемен жұмыс. | Семестрдің 2-ші аптасы |
| 3. Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер. | 1.Ежелгі Рим саяси-құқықтық ілімінің жалпы сипаттамасы және оның даму кезеңдерін көрсету. 2.Марк Туллий Цицеронның мемлекет және құқық туралы ілімдері. 3.Аврелий Августинның саяси-құқықтық көзқарастары. | Кестені тексеру. Реферат жұмысын қорғау. Тест құрастыру. | Семестрдің 3-ші аптасы |
| 4. Орта ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер. Мұсылман құқықтық ойының қалыптасуы және дамуы. | 1.Ф.Аквинский мен Марсилией Падуанскийдің саяси-құқықтық ілімдері. 2.Мұсылман елдері ойшыларының еңбектеріндегі мемлекет және саясат мәселелері. | Тест тапсырмасын тексеру, студенттердің білім деңгейлерін тексеру. | Семестрдің 4-ші аптасы |
| 5. Қайта өрлеу және реформация дәуірінің саяси және құқықтық ілімдері. | 1.Дәуірдің басты ерекшеліктері мен белгілері және саяси-құқықтық ілімнің жаңа сипатын беру. 2.Реформацияның саяси құқықтық идеялары. 3.Никола Макиавеллидің мемлекет және саясат туралы ілімі. | Конспектiлердi, жүйелердi тексеру, кестемен жұмыс, ауызша сұрау. | Семестрдің 5-ші аптасы |
| 6. XI-XVII ғ.ғ. 1 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер. | 1.Владимир Мономахтың саяси бағдарламасы. 2.Философейдің саяси концепциясы-Мәскеу үшінші Рим. 3. Иван Тимофеевтің саяси ілімі. | Кестені тексеру, ауызша сұрау | Семестрдің 6-ші аптасы |
| 7. Голландиядағы XVII ғ. саяси-құқықтық ілімдер. | 1.Спинозаның саяси және құқықтық ілімдері. 2.Гуго Гроцийдің құқық пен мемлекет туралы ілімдері. | Ауызша сұрау, кестені тексеру | Семестрдің 7-ші аптасы |

| | | | |
|--|--|---|-------------------------|
| 8. ХҮІІ ғ. Англиядағы саяси және құқықтық ілімдер. | 1.Дж.Локктың мемлекет пен құқық туралы ілімдері. 2.Гоббстың саяси-құқықтық ілімдері. | Жазбаша тапсырманы тексеру. Ауызша тексеру. | Семестрдің 8-ші аптасы |
| 9. Еуропалық Қайта өрлеудің саяси-құқықтық ілімдері. | 1.Ағартушылық дәуірі саяси-құқықтық ойының негізгі белгілері мен ерекшеліктері. 2.Монтескье,Руссо, және Беккаридың саяси-құқықтық ілімдері. 3.Якобиншілердің саяси-құқықтық идеялары. | Жазбаша тапсырманы тексеру | Семестрдің 9-ші аптасы |
| 10. ХҮІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. 2 ж. Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер. | 1.ХҮІІ-ХҮІІІғ.ғ.2ж. Орыстың саяси және құқықтық ойының дамуы. 2.Юрий Крижаничтың, Ф.Прокоповичтің, М.М.Щербатовтың саяси көзқарастары. 3.С.Е.Десницкидің мемлекет және құқық туралы ілімдері. 4.А.Н.Радищевтың саяси құқықтық ілімдері. | Кестемен жұмыс, ауызша сұрау,кестені тексеру | Семестрдің 10-ші аптасы |
| 11. ХҮІІІ-XX ғ.ғ. АҚШ саяси құқықтық ілімдері. | 1.Пейннің саяси құқықтық ілімдері. Т. Джефферсонның саяси көзқарастары. А.Гамильтонның саяси-құқықтық көзқарастары. Дж. Адамстың саяси ойлары. 2.Дж.Мэдиссонның саяси-құқықтық ілімдері. 3.Холмстың құқық туралы ілімдері. | Ауызша сұрау, кестені тексеру | Семестрдің 11-ші аптасы |
| 12.XIX ғасырдағы Қазақстандағы саяси-құқықтық ойлар. | 1.«Зар заман» мектебінің өкілдері қоғамдағы қайшылықтар мен әділетсіздік туралы. 2.Шоқан Уалихановтың саяси-құқықтық көзқарасы. 3.Абай Құнанбаевтың қоғам және замана туралы ой пікірлері. | Конспектiлердi тексеру, ауызша сұрау | Семестрдің 12-ші аптасы |
| 13. XIXғ.-XX ғ.1ж.Ресейдегі саяси және құқықтық ойлар. | 1.XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси-құқықтық көзқарастар. 2.«Алаш» партиясы бағдарламасындағы саяси-құқықтық және әлеуметтік идеялар. | Конспектiлердi тексеру, ауызша сұрау | Семестрдің 13-ші аптасы |
| 14. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саяси-құқықтық көзқарастары. | Тест құрастыру | Конспектiлердi тексеру. Ауызша сұрау | Семестрдің 14-ші аптасы |
| 15.XX ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер. | 1.XX ғасырда қалыптасқан саяси ахуалдың ерекшеліктері. 2.XXғасырдың басындағы саяси-құқықтық ілімдер. 3.Батыс Европа және АҚШ-тағы саяси-құқықтық ілімдер. | Өткен материалдар бойынша тест өткізу. Тест тапсырмасын тексеру | Семестрдің 15-ші аптасы |

Сабақтарға дайындалуға материал зерттеуінің кестесі.

1. СОӨЖ дайындалу үшін әрбір студент дәріс материалды білу керек, оқытушымен кепілделген қосымша әдебиетті оқу керек. Жұмыс СОӨЖ сабақтарында өл- белгілі ойшылардың шығармаларында мәдениеттанулық мәселелерін талдауын білу керек. СОӨЖ дайындалу үшін әрбір студент оқытушыдан дара тапсырма алу керек, ол өзіне бір доклад, екі реферат берілген тапсырмаға қосады. СОӨЖ тапсырмасын семестрдің он төрт жұмысына дейін орындау мен қорғау керек.
2. Қорытынды баға дәрістерге , СОӨЖ қатысу бойынша қойылады.

Ұсынылатын әдебиеттер.

Негізгі әдебиеттер тізімі:

- 1 Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Оқулық. М.Мұхамедов, Б.Сатершинов, Б.Сырымбетұлы. Алматы-2003 ж.
- 2 Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Ж.И. Ибрагимов. Астана «Данекер»-2005 ж.
- 3 Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Оқулық. Сатершинов Б. Сырымбетұлы Б. Мұхамедов М. Алматы-2005ж.
- 4 Нерсесянца В.С. История политических и правовых учений.-М.: Изд.-2. 1997; 1998; 1999; 2000.
- 5 Лейста О.Э. История политических и правовых учений. - М.: Эхо, 1997; 1999; 2000.
- 6 Нерсесянца В.С. История политических и правовых учений: Краткий учебный курс. – М.: Полиграф, 2000.
- 7 Малахова В.П. История политических и правовых учений 7 – Хрестоматия. М., 2000.
- 8 Лейста О.Э. История политических и правовых учений. – Хрестоматия. М., 2000.
- 9 Антология мировой политической мысли: В 5т. Т.1: Зарубежная политическая мысль: истоки и эволюция. Т.2: Зарубежная политическая мысль: XX вв. Т.3: Политическая мысль в России: Первая половина XIX вв. Т.4: Политическая мысль в России: Вторая половина Т.5: Политические документы. – М., 1997.
- 10 Семигин Г.Ю. Антология мировой правовой мысли: В 5 т. – Т.1: Античный мир и Восточные цивилизации. Т.2: Европа: V –VII вв. Т,3.Европа. Америка: XVII-XXвв. Т.4: Россия: XI-XIXвв.Т.5: Россия: Конец XIX –XXвв. – М.: Мысль, 1999.
- 11

Қосымша әдебиеттер:

1. Бакунин М. А. Анархия и порядок / Сер .: Антология мысли. – М., 2000.
2. Валиханов Ч. Записка о судебной реформе (Сер .: «Жемчужины истории политической и правовой мысли»). – А.: ВШП «Әділет», 1999.
3. Джефферсон Т. Декларация независимости. Инаугурационные речи (Сер .: «Жемчужины истории политической и правовой мысли»). – А.: ВШП «Әділет», 1999.
4. Кант И. Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане. К вечному миру (Сер .: «Жемчужины истории политической и правовой мысли»). – А.: ВШП «Әділет», 1999.
5. Лао –Цзы. Дао дэ цзин миру (Сер .: «Жемчужины истории политической и правовой мысли»). – А.: ВШП «Әділет», 2000.
6. Макиавелли Никколо. Государь (II principe). (Сер .: «Жемчужины истории политической и правовой мысли»). – А.: ВШП «Әділет», 2001.
7. Монтескье Ш.Л. О духе законов. – М.: Заң, 1999.
8. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030: Послание Президента страны народу Казахстана: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. – А.: Білім, 1997.
9. Сартаев С., Узбекулы С. Политическая и правовая история Казахстана: Документы и материалы конца XIX – начала XXвв. – А.: Данекер, 2000.
- 10 Сапарғалиев Ғ., Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі. А., 1995ж.
- 11 Орысша-қазақша заң және құқықтану аталымдар сөздігі. Астана қаласы мәдениет басқармасы «Руханият орталығы».

Бақылау нысаны мен түрі.

Курсты оқу барысында бақылаудың мынадай түрі қаралған:

- 1. Ағымдық бақылау (50 %)**
 - дәріс конспектісі, СОӨЖ және СӨЖ сабақтары;
 - дәріс, семинар, тәжірибешілік сабақтарға қатысуы;
- 2. Шектеулік бақылау (50%)** Өтілген тақырыптар бойынша тест өткізу, дәріс СОӨЖ, СӨЖ материалдары бойынша қазан, қараша, желтоқсан айы.
- 3. Қорытынды бақылау-емтихан**

**СТУДЕНТТЕРДІҢ МАМАНДЫ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ САПАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕСТЕСІ.**

| 1. Ағымдық бақылау (бақылаушы) АБ | 2. Шектеулік алдындағы бақылау (тренингтік) Модульдар: 1,2 ШАБ | 3. Шектеулік бақылау (Модульдар: р: 1,2) ШБ | 4. Шектеуліктен кейінгі тесттерді талдау ШКБ | 1. Қортынды сапалық бақылау Модульдердің қосындысы: 1,2 ҚБ | 6. Қортынды кейінгі тесттерді талдау ҚҚБ |
|---|---|--|--|---|---|
| 1. БАҚЫЛАУ МАҚСАТТАРЫ | | | | | |
| Модуль алдындағы кезеңде студент білімдерінің сапасы мен оқу дағдыларын диагностикасын және түзітулерді ұйымдастыру | 1.1. Шектеулі тестті жазуына мақсатылы дайындық үшін тест тапсырмаларды орындауының негізгі тәртіптерімен таңыстыру | 1.1. ОК 1,2 модульдер бойынша білімдер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау | 1.1. Түзету және оларды болдырмау мақсатымен қарапайым қателердің пайда болу себептерін ажырату | 1.1. ОК оқыған кезеңі бойынша студенттердің білімдер мен дағдылардың сапа жоғарлығын тіркелеу және қалыптасу деңгейін бақылау | 1.1. Студенттерде рефлексияның икем мен дағдылары қалыптастыру және қортынды тестте қателерді жіберу себептерін талдау 1.2. Студенттерде өз өзінді бағалау және өз өзін оқыту бағытын дамыту |
| 2. БАҚЫЛАУ НЫШАНДАРЫ | | | | | |
| ДӘРІСТЕР ОСӨЖ 2.1 Мини-тест 2.2 «Дөңгелек стол» 2.3 Қарапайым тапсырмаларды шешу 2.4 СӨЖ салыстыру талдауы 2.5 Баяндама | ОСӨЖ 2.1. Тест: 30 тапсырма (4 вариант) 2.2 Жабық тест – 20 тест 2.4 Ауызша сұрау – 10 негізгі сұрақтар | ОСӨЖ 2.1. Тест: 30 тапсырма (5 вариант) 2.2 Жабық тест – 30 тест 2.3 Экспресс - сұрау 2.4 Коллоквиум | 2.1. Тест тапсырмаларында қарапайым қателерді ауызша/жазбаша талдау (интерактивті режим: студент-оқытушысы, студент-студент) 2.2. Студенттерге берілген үлгісі бойынша шамамен ұқсас кілті бар тесттерді құрастыру. (студент-топ/студент) | ОСӨЖ 2.1. Тест: 40 тапсырма (5 вариант) 2.2 Курс бойынша бақылау сұрақтары | 2.1. Тест тапсырмаларында қателерді ауызша/жазбаша талдау (интерактивті режим) 2.2. Студенттер үшін индивидуальды консультациялар |
| 3. ОК БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДЕРДІ ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ САЯСАТЫ | | | | | |

3.1. Студенттердің білімдер мен дағдылардың бағалау критерийлер мен шенберлері (Кесте 6)
(халықаралық міндеті бойынша студенттердің білімдер мен дағдылардың бағалау кестесін есептегенде
(Кесте 7)

АБ және ОК ағымды бақылау
есебінің шамамен кестесі

-

-

-

-

-

3.3. Студент рейтингті есептеп шығару бірлік нысаны

ШБ(М1,2) =
(АБ(ағым.бақ) +
тест
ШБ(шект.бақ))/2

СИ –
суммалық
индексі
СИ = $\frac{ДР(АБ + ШБ) + ҚБ}{2}$

2

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ КРИТЕРИАЛЫҚ-БАҒАЛАУ АППАРАТЫ

| Тест тапсырмалардың түрлері | Сұрақтардың жалпы саны | Әрекеттің сипаты | Критерийлер | Өлшемдер | Тапсырманы атқару уақыты |
|-----------------------------|------------------------|---|--|---|------------------------------|
| Ашық тест тапсырмалары | 30 | Ұсынған жауаптарынан дұрыс жауабын таңдау | а) таңдау дұрыс емес б) таңдау дұрыс | 2 балл 0 балл | 1 тест тапсырмаға 1 мин. |
| | | Жабық тест тапсырманың максималды бағасы | | 2 баллов | |
| Жабық тест тапсырмалары | 10 | Ұсынған сұрағына дұрыс жауабын анықтау | а) жауабының толықтығы мен бірізділігі б) мазмұндағанында нақтылығы мен айқындылығы в) тіл мен терминологиялық дұрыстығы г) тапсырманы атқару үшін қажетті икемділіктер мен дағдыларды пайдалануы | а) жауап дұрыс жасалынды б) жауап дұрыс жалынбаған 1.Жоғарғы деңгейі - 4 балл. Тапсырманың орындауы барлық төрт критерийлерге сай 2.Жеткілікті деңгей – 3 балл. Тапсырманың орындауы аталған үш критерийлерге сай 3.Қанағат деңгейі – 2 балл. Тапсырманың орындауы аталған басты екі ғана критерийлерге сай, нақты 2-ші және 3-ші критерийлер 4. Қанағатсыз деңгей – 1 балл. Тапсырманың орындауы аталған бір ғана критерийлерге сай | 1 тест тапсырмаға 7 минут |
| | | Жабық тест тапсырманың максималды бағасы | | 4 балл | |

Бағалаудың 100 балдық жүйесінен шыға тұрып, максималді қосындысының жіктелуі келесі түрінде болу мүмкін:

1) 10 жабық тест тапсырма x 4 балл = 40 балл;

2) 30 ашық тест тапсырма x 2 балл = 60 балл

Барлығы: 100 балл

Қортынды бақылау нысанында студенттің индивидуальды рейтинг балл айқындысында орта арифметикалық формуласы бойынша есептеледі, яғни

$СИ = \frac{РД(АБ+ШБ)+ҚБ}{2}$, мұнда

СИ – суммалық индекс;

РД – рейтингтік допускі (аттестациондық балл – АБ);

АБ – ағымдық бақылаудың нәтижесі;

ШБ – шектеулі бақылау;

ҚБ – қортынды бақылаудың нәтижесі.

Студенттің сынақ кітапшаына 4- балдық жүйесінің суммалық индексіне қарай қойылады. Баллдық жүйесің дәстүрлі нысанына аударылуы № кестесінде берлді.